



БІЛІМ КІЛТІ - КЛЮЧ ЗНАНИЙ

№ 9 (171), 2022
Қыркүйек
Сентябрь

2011 жылдан бастап ай сайын шығады — С 2011 года выходит ежемесячно

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.
Журнал издается с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках

(Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал
Республиканский научно-методический педагогический журнал)

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Ж. Асанханова

Өткені өнегелі, ұлағатты ұстаз, дана басшы 3

С. Арзымбетова

«Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерінің оқу бағдарламасы мен оқу мақсаттары бойынша тапсырманы үйлестіру жолдарын жетілдіру 6

А. Ошақбаева

Мектепке дейінгі ұйымда ойын арқылы балаларды рухани адамгершілікке тәрбиелеу 9

Е. Рахов

Құндылыққа бағдар: Зияткер тұлға – саналы азаматты қалыптастырудың негізі 12

Н. Құламетов

Бала – басты байлығымыз, ал ең асылымыз – оның тәрбиесі 14

А. Олжаева

Болашақ педагогтердің цифрлық дағдыларын қалыптастыру жұмысы 16

Г. Нареге

Оқушылардың шығармашылық қабілетін логикалық тапсырмалар арқылы дамыту 20

Е. Костомарова

Некоторые аспекты деятельности методической службы в условиях модернизации системы повышения квалификации 23

Е. Беденко

Использование возможностей ИКТ в обучении детей с особыми образовательными потребностями 27

А. Чайкина, М. Соболева

От теории внедрения воспитательных технологий к практике 29

И. Острижная

Цветотерапия в детском саду 31

Д. Асанова

Exploring space 33

Г. Базахаева

Transport: nouns 36

М. Төлөнді

Фаламтордағы желісіндегі қауіпсіздік 39

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

**БІЛІМ КІЛТІ -
КЛЮЧ ЗНАНИЙ**
журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінде қайта тіркеліп, №10965-Ж куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды
28.09.2022 ж.
Сандық басылым.
Тапсырысы: 322.
Басылым индексі: 75488

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел:
8 777 303 37 67.
Эл. пошта:
pedagog-ltd@mail.ru

Журнал «Rado Print»
баспаханасында басылды.
Алматы қ., Мыңбаев көш., 46,
кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

Н. Омашев — ҚР Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

С. Аманжолов — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, А.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің педагогика факультетінің деканы.

Ә. Дүйсебек — Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясының вице-президенті.

А. Миразова — ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек ері.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде сақтаңыз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс арқылы, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Учредитель:

ООО «Педагог LTD»

Главный редактор: Г. КУСТАНОВА
Журнал перерегистрирован в Министерстве
связи и информации РК. Свидетельство
№10965-Ж от 20.05.2010 г. Астана.

Подписано в печать 28.09.2022 г.

Печать цифровая.

Заказ 322.

Подписной индекс: 75488

Адрес редакции:

050036, г. Алматы,

Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;

Моб.т.: 8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал напечатан в типографии

«Rado Print».


Адрес: г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.





Өткені өнегелі, ұлағатты ұстаз, дана басшы

Білім жүйесін дамыту стратегиясындағы басты мақсат — ұлттық білім моделін жасау. Ұлттық үлгінің негізгі бағыты — адамды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тану, оның қоғамдағы орны мен рөліне, әлеуметтік жағдайына, психикалық даму ерекшелігіне мән беру, сол арқылы оның рухани жан дүниесінің баюына, саяси көзқарасының, шығармашылық еркіндігі мен белсенділігінің, кәсіби іскерлігінің қалыптасуына жағдай жасау, мүмкіндік беру.

Маманның бойында мұндай қабілет пен қасиетті қалыптастыруда педагогтердің қызметі ерекше. Тәлім берген ұстазың дана болса, шәкірт болу бір бақыт дейді. Осындай ұстаздардың қатарына университетіміздің, оның ішінде мектепке дейінгі білім беру саласында маман даярлауда, оның өсуіне, көркеюіне, көрсеткішінің жоғары болуына, көптеген шаралардың жүзеге асуына өзіндік үлесін қосып жүрген ұстазым «Мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика» кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Қыяқбаева Ұлбосын Қозыбайқызы.

Қыяқбаева Ұлбосын Қозыбайқызы 1972 жылы бірінші сыныпқа қабылданып, 1982 жылы мектепті үздік бітіріп, өзі оқыған «Сергеевка» орта мектебінде 1984 жылға дейін аға пионер вожатый болып жұмыс істеді. 1984 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық



институтының дайындық бөліміне, 1985 жылы ПМНО факультетінің күндізгі оқу бөліміне оқуға түседі. 1990 жылы Абай атындағы Еңбек Қызыл Ту орденді Қазақ педагогикалық институтын үздік бітіріп, өзінің еңбек жолын аталған институтта жас маман ретінде оқытушылық қызметтен бастайды. 1998-2001 жылдары Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің аспирантурасының күндізгі бөлімінде оқыды.

Аспирантураны бітіргеннен кейін 2001 жылы аталған университеттің бастауыш мектеп педагогикасы ка-



федрасына аға оқытушылық қызметке қабылданады. 2008 жылы 13.00.01 – Жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика мамандығы бойынша п.ғ.к., профессор Р.М. Қоянбаевтың жетекшілігімен «Қазақ бастауыш мектептеріндегі білім беру мазмұнының қалыптасуы мен дамуы» (1991-2007 ж.ж.) тақырыбында диссертациясын қорғап, педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алды.

Жалпы өмірден өз орнында табуға жол бастайтын, үлгі-өнеге, ақыл-кеңес беретін жанашыр ұстаздың болуы үлкен бақыт. «Шәкіртке ұстаз болу – ірілік, Ұстазға ұстаз болу – ұлылық» - деп ақын М. Әлімбаев айтқандай Ұлбосын Қозыбайқызының ұстазы білім негізінің алғашқы баспалдағы болып табылатын бастауыш сыныптарға жоғары білімді мұғалімдер дайындайтын «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» факультетінің негізін қалаған, осы факультеттің деканы болып жиырма жылдың үстінде қызмет атқарған, өнегелілік өсиетімен, ізгілік шапағатымен ерекшеленілген қазақтың біртуар азаматы Ромсейт Мұқтанұлы Қоянбаев.

Ұлбосын Қозыбайқызы ұстазының келешек ұрпаққа тән тәрбие мектебін, терең ойлы педагогикалық пікірлері мен өзекті де құнды ұстанымдарын дамытуда ауқымды жұмыстар атқаруда. Соның бір дәлелі, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Педагогика және психология институты, Мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика кафедрасының аясында бастауыш мек-

теп педагогикасының негізін қалаушы профессор «Р.М. Қоянбаев» атындағы дәрісхананы ашып, болашақ педагогтерге ұстазының тұлғалық келбеті мен қоғамдағы алатын орнын паш етіп, ұстаз алдындағы борышын өтеді.

Сонымен қатар, Ұлбосын Қозыбайқызы кішіпейілділігі мен қарапайымдылығы, парасаттылығы мен бекзаттылығы ұстаздық деп аталатын ұлылықтың өлшеміне айналған, Қазақстандағы дидактиканың негізін қалаушы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Талғат Сабыржанұлы Сабыровтың да ғылыми болмысының гуманистік идеяларға толы ұстанымдарын кейінгі ұрпаққа жеткізу мақсатында аталмыш ЖОО «Т.С. Сабыров» атындағы дәрісхананы ашты.

Ұлбосын Қозыбайқызы рухани-мәдени өміріміздің айнасы боларлықтай тарихи айғақтарды, ұлттық құндылықтарымызды, төл мәдениетімізді зерттеп-зерделеудің заңды құбылыс екенін дәлелдеп, болашақ тәрбиеші-педагогтардың бойына ұлттық рух, ұлттық сана-сезім мен ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мақсатында «Ұлттық құндылық» атты дәрісхананы ашуға да мұрындық болды.

Ұлбосын Қозыбайқызы бәсекеге қабілетті, жан-жақты, білімді ұрпақ тәрбиелеуде болашақ тәрбиеші-педагогтардың бойына адамгершілік қасиеттерді дәріптей отырып, жас мамандардың қалыптасуына қалтқысыз ықпал жасау барысында «Айналайын» қуыршақ үйірмесі мен «Балалар әлемі» дәрісханасын ашып, түрлі қойылымдар қою арқылы, әр білімалушы-



ның жеке дара әртістік, шығармашылық қасиеттерін ескере отырып, өзін қоршаған ортаға, адамдарға, құрбыларына, өзіне деген қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда театрлық іс-әрекеттің маңыздылығын көрсетті.

Мектепке дейінгі білім беру саласының болашақ мамандарын даярлауда Ұлбосын Қозыбайқызының еңбегін ерекше атап өтуге болады. «Мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика» кафедрасы үш деңгейлік (бакалавриат – магистратура – докторантура) білім беру бағдарламаларына сәйкес 6B,7M(8D) 01201 – «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы» мамандығы бойынша педагог-тәрбиеші мамандарды даярлайтын жетекші кафедра болып табылады. Ұлбосын Қозыбайқызының жігерлі де қайраткерлік қарекетінің арқасында республикада тұңғыш мектепке дейінгі білім беру саласынан диссертациялық кеңес ашылып, жас мамандарды ғылым жолына жетелеуде.

Кафедраның барлық жұмысы базалық әлеуметтік мәдениетті игерген, өзін-өзі жетілдіруге және өзін-өзі жүзеге асыруға қабілетті болашақ «педагог-тәрбиеші» және «әлеуметтік педагог» тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін оқу ортасын, білім беру технологияларын, оқытуды ұйымдастыру әдістері мен формаларын құруға бағытталған. Басты назар «педагог-тәрбиеші» және «әлеуметтік педагогтың» кәсіби іс-әрекетінің барлық бағыттарын қамтитын, кешенді сипатқа ие болашақ мамандарды кәсіби даярлау жүйесіне аударылады.

Ұлбосын Қозыбайқызы ЖОО білімалушыларына арналған «Ғылыми педагогикалық зерттеу әдістемесі», «Оқы баламен бірге оқы», «Мектепке дейінгі ұйым әдіскерінің жұмысы», «Мектепке дейінгі ұйымдарда ойын технологияларын пайдалану әдістемесі («Қатынас» білім беру саласы), «Ерте балалық шақ педагогикасы», «Жасы кәмелетке толмаған жасөспірімдердің арасында зорлық-зомбылықпен құқық бұзушылықтың алдын алудың әлеуметтік-педагогикалық негіздері», «Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттерді жобалау негіздері» атты оқу құралдары мен оқу-әдістемелік құралдарының авторы. Ғылыми мақалалары 150-ден астам алыс жақын шет елдер мен 6 импактор журналында мақалалары жарық көрген.

Абай атындағы Қазақ ҰПУ-де маман даярлау саласындағы көп жылғы еңбегі үшін 2012 жылы «Үздік ұстаз», 2016 жылы «Құрметті қызметкер», 2018 жылы университеттің 90 жылдығына орай университеттің дамуына қосқан үлесі үшін «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне 90 жыл» мерекелік және Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінен «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгілерімен марапатталған.

Әрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы, тіршілік баяны бар, бірақ еткен еңбек, көрген бейнет, татқан зейнет, алған асу, жеткен биік әркімнің өмірінде әрқилы. Оны сырт көз өздерінше бағалап жатады. Сондағы жал-



пының іздейтіні біреу: ол — кісілік келбет, азаматтық тұлға. Оған — дәл осындай адами асқақ қасиетке, қанша ғұмыр кешкенімен, жеткен де бар, жетпеген де бар. Өзінің өнегелі өмірінде сыйластық пен достықтың ұлағатын ұлықтап, үлкенге құрмет, кішіге ізет болар ұлттық салт-дәстүрді үкілеп келе жатқан ұстазым Ұлбосын Қозыбайқызын мақтан тұтамын.

Ұлбосын Қозыбайқызы табиғат берген дара дарынының, ізденімпаздық пен еңбекқорлығының, аса зор ұйымдастырушылық қабілеті мен кісілік келбетінің арқасында небір биік белестерді бағындыра білген ұлағатты

ұстаз, білікті басшы мектепке дейінгі білім беру және әлеуметтік педагогика саласында да өзінің жарқын қолтаңбасын танытып жүрген ғалым-педагог, іскер басшы екенін айналасына мойындатты.

**Жанна Жеткербайқызы
АСАНХАНОВА,**

**Абай атындағы ҚазҰПУ «Мектепке
дейінгі білім беру және әлеуметтік
педагогика» кафедрасының
оқытушысы, педагогика
ғылымдарының магистрі.
Алматы қаласы.**



«Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерінің оқу бағдарламасы мен оқу мақсаттары бойынша тапсырманы үйлестіру жолдарын жетілдіру



Салтанат Жаксылыковна АРЗЫМБЕТОВА,
«Өрлеу» БАҰО» филиалы
Алматы қаласы бойынша КДИ
«Жаратылыстану және гуманитарлық
пәндерді оқыту әдістемесі» кафедрасының аға оқытушысы, тренер.
Алматы қаласы.

Оқу жоспары мұғалімге лексикалық тақырыптар негізінде, оқушы игеруге тиіс оқу дағдыларын дамыту жолдарын ұсынып, белсенді жұмыс түрлерін ұйымдастыруға көмек береді. Оқу жоспары оқушылардың ұлттық дүниетанымын кеңейтуге, шығармашылық қабілеттерін арттыруға, коммуникативтік дағдыларын жетілдіруге, алған

білімін өмірдің кез келген саласында тиімді қолдана білуіне ықпал етеді.

Лексикалық тақырыптар оқушының белсенді сөздік қорын байытуға, алған білімін күнделікті өмірде қолдана алуға, өз ойын ашық, еркін жеткізе білуге мүмкіндік береді.

Оқу мақсаттары мұғалім мен білім



алушыларға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсететін 4 бөлімнен тұрады:

- 1) тыңдалым және айтылым;
- 2) оқылым;
- 3) жазылым;
- 4) әдеби тіл нормаларын сақтау.

Оқу жоспарында көрсетілген оқу мақсаттары оқушылардың айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым әрекеттерін қамти отырып, коммуникативтік дағдыларын сенімді қалыптастыруға, сол негізде сыныпты аяқтағанда күтілетін нәтижеге қол жеткізуге бағытталған. Мұғалім сабақ жоспарын құруда лексикалық тақырыпты басшылыққа ала отырып, сынып деңгейіне, тақырып қажеттілігіне қарай бір академиялық сағатта бір немесе екі коммуникативтік әрекетті негіз етіп алады, ал басқа коммуникативтік әрекеттер жанама түрде қолданыла береді. (Мысалы, тыңдалым/ айтылым, оқылым/ жазылым). Әрбір әрекет бірнеше оқу мақсаттары арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Сабақ жоспарын құру барысында коммуникативтік әрекеттің барлық түрін бір деңгейде қатар алмаған дұрыс. Олардың бірі не екеуі негізгі болса, қалған екеуі жанама түрде дамытыла береді. Мұғалім жоспарда ұсынылған лексикалық тақырыпқа бөлінген оқу мақсаттарының орын тәртібін сабақ түрі мен әдістерінің қажеттілігіне қарай өзгерте алады. Пәндерді кіріктіріп оқыту кезінде басқа пән мұғалімдерімен бірлесіп, командалық сабақ жоспарларын әзірлеуге болады. Мұға-

лім қазақ тілін басқа пәндермен тығыз байланыста оқыту арқылы оқушының академиялық сөйлеу және жазба тілін қалыптастыру мүмкіндіктеріне ие болады. Лексикалық тақырыптар ретінде сұрыпталып іріктелінген мәтіндер мен оларға байланысты құрылған тапсырмалар шынайы өмірмен байланысты жағдаяттардан туындап немесе соған жуықтатылуы тиіс. Сонымен қатар, оқу материалдарының мазмұны мен тапсырмалардың орындалу логикасы оқушылардың даму деңгейіне сай ойлау, түсіну ерекшеліктеріне сәйкес таңдалынады.

Коммуникативтік әрекеттерді дамытуға бағытталған тапсырмалар өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес белгілі бір жүйемен жүзеге асады. Мысалы, тыңдалым дағдысын жүзеге асыру үшін тыңдалым алды, тыңдалым, тыңдалымнан кейінгі тапсырмалар ұйымдастырылуы тиіс.

Тыңдалымға арналаған сабақ құрылымы:

Тыңдалым алдындағы тапсырма: тақырыпты таныстыру;


- оқу бағдарламасындағы, бөлімдегі сабақтар топтамасындағы жоспарланатын сабақтың орнын белгілейді;
- оқу мақсаттарына байланыста сабақтың тақырыбын, мақсаттарын анықтайды;
- тақырыпқа қатысты негізгі ұғымдар мен түсініктерді зерделейді;
- өткен және келесі сабақтарға шолу жасап, осы тақырыппен байланысын ескеру арқылы бүгінгі сабаққа қатысты ойларды толықтырып жинақтайды.



Сабаққа негізделген оқу мақсаты:

- Сабақтың басты міндеті — оқу мақсатын жүзеге асыру болғандықтан, сабақ жоспары толығымен оқу мақсаттарынан туындайды;
- Сабақ мақсаты да, бағалау критерийлері мен тапсырмалар да осы бағытта құрастырылады;
- Оқу мақсаттарын мемлекеттік стандарт, өзгертуге болмайтын инвариант деп түсінген орынды. Оқу мақсаттары оқу бағдарламасы мен ҰМЖ-дан алынып, тура сол қалпында ҚМЖ-да көрсетіледі. Оқушылардың барлығы да оқу мақсатына жетуі керек.
- Бағдарламада оқу мақсаттары төрт саннан тұратын кодтық белгімен көрсетіледі: 7.1.2.1

Сабақты жоспарлау процесі



- Оқу бағдарламасында ұсынылған, ұзақ мерзімді жоспарда көрсетілген оқу мақсаттары негізінде жасалады.
- Көлемді оқу мақсаттарын бірнеше сабақ мақсаттарына жіктеуге болады.
- Сабақта 1-2 оқу мақсаттан артық алмағаны дұрыс. Себебі барлық мақсатқа бірдей қол жеткізу оқушылар үшін қиын болады.

Сабақ мақсаттары нақты берілуі керек. Жалпы болмауы керек.

- оқу мақсаттарымен келісілген;
- пәннің ерекшеліктеріне бағдарланған;
- оқушылардың қажеттіліктерін сай, SMART форматында құрастырылған.
- Сабақ басында оқу мақсаты мен сабақ мақсаты, сабақ нәтижесі оқушыларға түсіндірілуі керек.

Оқушылар сабақ соңында қандай нәтижеге қол жеткізу керек?

- Оқу мақсаттары әртүрлі нәрсеге бағытталады: тыңдалым, айтылым, грамматика, сөздік қор. Оқушылардың білім деңгейіне байланысты тілді меңгертудің өзге де мәселелеріне бағытталады.

- Сабақ үшін ең тиімді оқу мақсатына анықтау үшін екі сұраққа жауап беруіміз керек:

1. Менің оқушыларым қазір нені біледі?
2. Қазір оқушыларыма нені білу маңыздырақ болып отыр?

- Жоғарыда берілген сұрақтарға жауап беру белгілі бір уақыт, кезең үшін оқу мақсаттарын таңдауға көмектеседі.

Қорыта айтқанда пәннің оқу бағдарламасы мен оқу мақсаттары бойынша тапсырманы құрастыру кезінде міндетті түрде оқу бағдарламасында берілген мақсатқа жету жолында тапсырманы ойлау дадыларының деңгейлерін, ілдік дағдыларды ескере отырып құрастыру



керек. Сол кезде ғана оқушылар алған білімін өмірдің кез келген саласында тиімді қолдана білетін, дүниетанымын кең, шығармашылық қабілеттері дамыған, коммуникативтік дағдылары қалыптасқан жеке тұлға қалыптастыра аламыз. Бұл бағдарламаның да ерекшелігі осында.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы 3-деңгей.

3. Қазақ әдебиеті, Қазақ тілі Оқу жоспарлары. «Назарбаев зияткерлік мектептері» Дербес білім беру ұйымы. 2019 оқу жылы.



Мектепке дейінгі ұйымда ойын арқылы балаларды рухани адамгершілікке тәрбиелеу

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев *«Ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу — аса жауапты әрі күрделі міндет. Ұлттық құндылыққа қанығып өскен өреннің танымы терең, ділі берік болады»* деген болатын.

Рух дегеніміз — адам бойындағы өзек. Рух — адамның жаны мен тәнінің азығы. Руханилық — адамның өз бойына барлық жақсы қасиеттерін ақылын, дарынын, қабілетін, шеберлігін, ішкі нұрын, жүрек жылуын адамдарға, табиғатқа, ғаламға, беруге ұмтылысы. Адамгершілік мінез-құлық дағдылары мен әдеттерді қалыптастыру.

Белгілі педагог В.А. Сухомлинский: «Бала бойындағы адалдық, адамгершілік сезімдер ойын арқылы қалыптасады», - дейді. Адамгершіліктің қайнар көзі мейірімді сезім, қайырымдылық, кішіпейілділік, адамдарға деген сүйіспеншілік, адамдарды сыйлау, адамдардың жан күйзелісін түсіне білу, қуаны-

шын бөлісе білу, адамның көңіл-күйін, сезімін түсіне білуге балаларды мектепке дейінгі кезеңнен бастап тәрбиелеу қажет.

Мектепке дейінгі ұйым балаларының негізгі әрекеті — Ойын. Ойын — баланың өмірді танудағы алғашқы қадамы. Н.К. Крупская: балалар үшін ойынның ерекше маңызы бар: олар үшін ойын — оқу, олар үшін ойын — еңбек, олар үшін ойын — тәрбиенің маңызды түрі. Ойын — баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, танымдық қасиеттерін, зейінін, есте сақтау қабілетін, ауыз екі сөйлеу мәдениетін дамытады. Ойын — адамның өміртанымының алғашқы қадамы. Сондықтан ойын арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алып, білімін жетілдіреді. Ойын барысында бала 10% тыңдайды, 50% көреді, 70% — қайталап айтады және 90% өзі жасайды. Ойын арқылы баланының ойы,



сөйлеу тілі мен қарым-қатынасы дами-ды. Балабақшада тәрбиеленген балалар оқуға тез бейімделеді. Балабақшаға барған бала мен бармаған баланың ойлау қабілеті екі басқа. Мектепке дейінгі мекемеде тәрбиеленген бала алғыр, білімге құштар болып келеді. Ал отбасында өскен бала жасқаншақтау, өз ойын ашық айта бермейтіні белгілі. Меніңше, баланың үлкен өмірге қадам басуына, рухани адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына балабақшаның орны ерекше. Адамгершілік тәрбие оқу-тәрбие үрдісінің барлық салаларында, яғни оқыту, білім беру барысында және еңбек үрдісінде жүзеге асырылады.

Адамгершілік жағынан қалыптасуы оның өмірге келген күнінен басталады. Мектепке дейінгі жаста баланың бастапқы адамгершілік сезімдері мен

ұғымдары, мінез-құлықтың ең қарапайым дағдылары қалыптасады. Баланың мектеп жасына дейінгі қалыптасқан мінез-құлықтары келешекте ересек адамдармен және құрбы-құрдастармен қарым-қатынастарында көзге түседі.



Мектепке дейінгі ұйымдарда ойын арқылы балаларда



Мінез-құлықтары



Адамгершілік сезімдері мен ұғымдары



Тәртіп, қоғамдық ережелерді сақтау



Адамдарымен, құрдастарымен, заттармен, табиғатпен



Іс-әрекетін басқара білуі



Отанын сүю, айналадағыларға ықыласпен қарау, шамасы

Көрнекті педагог В.А. Сухомлинский: «Егер балаға қуаныш пен бақыт бере білсек, ол бала солай бола алады», - дейді. Демек балаға жан-жақты терең білім беріп, оның жүрегіне адамгершіліктің Отансүйгіштік асыл қасиеттерін үздіксіз ұялата білсек, ертеңгі азамат жеке тұлғаның өзіндік көзқарасының





қалыптасуына, айналасымен санасуына ықпал етері сөзсіз. Ж.Ж. Руссо былай деп жазған: «Баланы жақсы тану және түсіну үшін, оны ойын кезінде бақылау керек», - деген.

Осы орайда «Ертөстік» балабақшасының тәрбиешілерімен «Ойын арқылы балаларды рухани адамгершілікке тәрбиелеу» тақырыбында шеберлік сыныбы жүргізілді. Шеберлік сыныбы «Сенің есімің» жаттығуымен басталды.

Ойынның мақсаты: топ ішінде жағымды атмосфера қалыптастыру, өздерін жоғары бағалауға дағдыландыру. Балалар өздерінің есімдерін атайды, топ мүшелері мотивация береді. Мыса-



лы: АЗАМАТ. ИНАБАТ.

А – ақылды	И – ибалы
З – зиялы	Н – намысшыл
А – адамгершілігі жоғары	А – абыройлы
М – мықты	Б – білімді
А – ажарлы	А – ару
Т – талғампаз	Т – тапқыр

Қатысушыларға мотивация, көңіл-күй сыйлағаннан кейін ағылшын ғалымы Тони Бузанның ассоциогамма әдісі арқылы «Рухани адамгершілік» «mind map» – ақыл (ой) картасын құрастырды.

**Айнұр Болатбаевна
ОШАҚБАЕВА,**
«Ертөстік»
балабақшасының
менгерушісі.
Әулиеағаш ауылы,
Панфилов ауданы,
Алматы облысы.





Құндылыққа бағдар: Зияткер тұлға – саналы азаматты қалыптастырудың негізі



Еркебулан Камзаевич РАХОВ,
Ғани Мұратбаев атындағы №91 орта мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,
Ғани Мұратбаев ауылы,
Қазалы ауданы,
Қызылорда облысы.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «Біз құрап жатқан қоғамның ең жоғарғы құндылығы — адам, бүкіл өзгерістердің бәрі сол үшін, соның игілігі үшін жасалып жатыр», - деген. Олай болса, біз оқушының өз өмір жолын таңдай білу қабілетін дамытуда нәтижеге бағытталған жұмыстарымызды жылдан-жылға жүргізе береміз.

Құндылықтар — шынайы ғана болады, ол адамға тәуелді емес, дей тұрғанмен ол адам санасында орын алады. Құндылықтар сезім арқылы қабылданады, ал сана арқылы оны түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылықты игереді, соған сай әрекет ететін болады Құндылық — тәрбие мен оқытудағы адамгершілікке бағытталған мұраттар. Оларға мейман достық, кісілік, сыйластық, имандылық, кішіпейілділік, салауаттылық, қайырымдылық, ізгілік, еркіндік, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық, сыпайылық, мәдениеттілік, шығармашылдық, рухани байлық, махаббат сынды қасиеттер

жатады. Бала бойына осындай ізгі қасиеттерді дарыту, сіңіру мақсатын алға қойып, қазіргі күні «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасы аясында жоспарлы түрде түрлі форматта тәрбие берудің жаңа технологияларын қолдана отырып, жұмыс жүргізудеміз. Қазір техника қарыштап дамып жатқан заманда отбасындағы әрбір бала жылы қарым-қатынасқа, мейірімге әрқашан мұқтаж. Оны ересектер, яғни ата-аналар аса байқамауы мүмкін. Сондықтан мектепте мұғалімдер, отбасында ата-аналар балаға үлгі боларлықтай деңгейде болуы тиіс. Міне, біз осындай мұғалімдер, сынып жетекшілер, ата-аналар мен оқушылардың қатысуымен баладағы ашық қарым-қатынасты және сыналмайтын құндылықтарды дамыту мақсатында «Мен айтқандай істе», «Мен сияқты істе» тақырыбында іс-шаралар өткізген болатынбыз және бұл іс-шарамыз оң нәтижесін берді.

2020-2021 оқу жылында жалпы бі-



лім беретін мектептерде «Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасы арқылы оқыту құндылық-бағдарлық тәсілі енгізілді. «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасын іске асыруда «Мен» тұжырымдамасын негізге алып, тәжірибеге енгізген болатынымын.

Ең басты мақсатым баланы адами құндылықтарға баулып, өзін табуына, тануына және танытуына жағдай жасау. Өзін-өзі басқаруға мүмкіндік беру. Жаңартылған білім беру мазмұнымен байланыстыра, құндылықтарды дарытатын тәрбие беру. Ал сынып жетекшісі бағыттаушы, бақылаушы, аналитик болып, әр балаға диагностикалық даму карта жасау қажет.

Бұл жұмыстың жаңашылдығы бағдарлама шеңберіндегі әр түрлі іс әрекеттердің мазмұнын кіріктіру тәрбие мұраттары мен құндылықтары негізінде жүргізіледі. Бағдарлама білім беру ұйымының ата-аналармен, білім беру ұйымдарының әлеуметтік әріптестестерімен тығыз және әрдайым қарым-қатынаста болуы арқылы жүзеге асырылады.

Бұл бағдарламаның маңыздылығы тәрбие үдерісінің спиральдік қағидаты бойынша жүреді. Оқушылардың жас ерекшелігі ескеріліп, тақырыптар әрбір келесі деңгейге қайталанып, күрделеніп отырады. Оқу жылына 9 айға модуль жасалған. Әр айға құндылықтар топтастырылған. Бастауыш, орта, жоғары буын балалары, әлеуметтік-психологиялық осал топ, инклюзивті балалар да қамтылған.

Алайда, «бір кем дүние...» демекші, көпшіліктің көкейінде бір ғана сауал болды: ол — тәрбие саласының дамуы, берілуі. Әлімсақтан білім мен тәрбиені егіз ұғым деп қарастырып, қазыналы ордасын мектеп деп тапқаны белгілі. Балалар арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында «Балауса» қыздар ұйымы мен «Тұлпар» ер балалар ұйымы онлайн кездесулер Zoom платформасы арқылы жүзеге асып отырды.

Адамгершілік құндылығы — асыл қасиеттің бірі «Қоғамға қызмет» волонтерлық әлеуметтік жобасы — «Мектепке жол». «Қамқорлық», «Мектепке жиналуға көмектес», «Адамдарға қуаныш сыйла» акциялары да бүгінгі күні дәстүрге айналып, оң нәтижесін беріп келеді.

Үлкенге — құрмет, кішіге — ізет құндылығын ту еткен мектеп ұжымы ардагерлеріне құрмет көрсетіп, батасын алып келеді.

Биылғы жылдың басты жаңалықтарының бірі мектепте «Сәлемдесу күні» өтіп, бауырмалдық, ізеттілік құндылықтар туралы сынып сағаттары өтті.

Патриотизм мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру мен дамытуда балалар мен жасөспірімдер қозғалысы, оның ішінде «Жас қыран», «Жас ұлан» ұйымдарының маңызы ерекше. Мектепте «Жас ұлан» ұйымының 10 күндігі ұйымдастырылып «Жас ұлан» ұйымының «Өзін-өзі басқаруы» ұйымдастырылып, оқушылардың кіші әкімшілік тобы, кіші



сынып жетекшісі, кіші ұйымдастырушы қызметін атқарып, апта соңында шара нәтижесі талқыланады.

«Сынып Қонағымен бір сағат» еңбекқорлық, жомарттық құндылықтарын насихаттау мақсатында танымал спортшылармен, қоғам қайраткерлерімен, кәсіпкерлермен, волонтерлермен кездесулер өткізілді.

«Дені сау ұрпақ-ұлт байлығы» десек ұжымда денсаулық пен салауаттылық басты назардан қалмай келеді. Ер балалардың денсаулығы мен қыз балалардың болашағына алаңдайтын тәрбие саласының мамандары дәстүрге айналдырған кездесулер биыл

да жалғасын тапты. Тәрбие -үздіксіз үдеріс. Жас ұрпақ бойына патриоттық және ұлттық құндылықтарды үздіксіз ұялата білу парыз.

Білім ордамыздың тағы бір жаңалығы жас мамандарды тәжірибесін шыңдау мақсатында жоғары сынып жетекшілеріне кіші сынып жетекшісі болып бекітіліп бірлесе жұмыс жасау. Әлеуметтік желі мен интернет мүмкіндіктерінің күн сайын жаңарып жатқан қазіргі күні жастар жоғары сынып оқушыларымен үйлесім тауып, тәрбие үдерісін оңтайландыруға мүмкіндік берді.



Бала – басты байлығымыз, ал ең асылымыз – оның тәрбиесі



**Нұрсұлтан
Ондасынұлы
ҚҰЛАМЕТОВ,
№276 орта мектеп
Әйтеке би кенті,
Қазалы ауданы,
Қызылорда облысы.**

Әркім өз жолын тауып кететіндей балаланың тәрбиесі жеңіл нәрсе ме? Жоқ. Бала тәрбиесіне қай кезден де аса мән берген. Ерте жастан тәрбиені санасына сіңіріп, болашағына үмітпен қарап, білім мен тәрбиені бойланырына қатар сіңіру жолында ата-аналармен бірге ұс-

таздардың да еңбегі ерекше. Өйткені, бала — біздің болашағымыз. Сол үшін балаларды жақсы, жаман, тәрбиелі, тірбиесіз деп бөле жармай тура жол көрсетуге тиістіміз. Бау-бақшаны қалай күтіп ұстасаң қалай жақсы жеміс беретіні тәрізді баланы да ерте жастан еңбекке, өнер-білімге жетелеуге тиіспіз. Баланың теріс мінезін үнемі қадағалап, түзу жол көрсету — қоғам мен қоршаған ортаның, яғни ата-ана мен мектептің міндеттері.

«Бала тәрбиесі — өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер», -



деген екен ақын М. Жұмабаев. Қандай тауып айтылған даналық сөз десеңізші

Тәрбие арқылы адам тағдыры шешілетінін, оның білімді тұлға болып қалыптасатынын, елдің берік тірегі болатынын көрсетеді. Ел тәуелсіздігін алғаннан бері балаларды қоғамның лайықты ізбасары етіп тәрбиелеп, дайындау үшін мектепте оқу мен тәрбие жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі заманға сай оқу-тәрбие жұмыстары түрлендіріп өтуде. Дегенмен бұл аздық етеді. Отбасындағы тәрбие ең бірінші орында. Сондықтан тәрбиені қара шаңырақтан ата-аналарымызбен бірлесе атқарған істің нәтижесінде ұрпағымыз өз бойындағы асыл қасиеттерін өмірде қолдана алады.

Баланы тәрбиелеуде бір ғана отбасының алатын орны ерекше деп қорытынды шығаруға болмайды. Мектептің ата-аналармен жүргізілетін жұмыстарының ерекшелігі осы екі жақтың байланысы мен әрекет бірлігінің тұрақтылығынан көрінеді. Бұл тұрақтылықты мектепте сынып жетекшісі, қамтамасыз етеді. Сынып жетекшілер оқушылар-

дың екінші ата-анасы ретінде бірге жүріп, халықты ғасырлар бойы өз ұрпағын тәрбиелеп келген тәжірибесінен үлгі көрсетуді мақсат-мұраты санайды. Балаларға тәрбиелік жұмыс жүргізуді жан-жақты қарастырып, тиянақты көрсететін тұлға — ол сынып жетекшісі болып табылады. Бала жанының бағбаны болу кез келген адамның қолынан келмеуі мүмкін. Бірақ ҰСТАЗ деген ардақты атты иеленген соң балалардың жанашыр болып, әр ісіне назар аударып, дұрыс жол нұсқауға тиіспіз.

Қазіргі жағдайда тәрбиенің жалпы негізі адамгершілік құндылықтар болу керек. Адамгершілік құндылықтар үлкен мен кішінің арасындағы шынайы қарым-қатынас кезінде бала бойына дариды.

Мектеп қабырғасында жақсы тәрбиеленген, саналы білім алған шәкірт өмірде өз орнын табады. Ол үшін ең әуелі ұрпағымызды балалық шақтан ұлттық тәрбиеге, адамгершілікті әдетке айналдырған мәдениеттілікке баулуымыз керек. Сонда жас ұрпақ елі үшін елеңдеп отырар жақсы азамат болып қалыптасады.

*«Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады»
А. Құнанбаев*



Болашақ педагогтердің цифрлық дағдыларын қалыптастыру жұмысы

Қазіргі заман талаптарына сәйкес мәдени еңбек түрі өзгеріп, фундамен- тальды білім беру маңызы арта түсуде. Ол адамның кәсіби мобильділігін қам- тамасыз етіп, адамның жаңа техноло- гияларды меңгеруге жол ашады, оның ішінде ақпараттық құзыреттілігіне мүмкіндік береді. Бұрын соңды маңыз- ға ие болмаған техникалық құралдар- ды игеру құзыреттіліктері, ақпараттық ресурстар, виртуальды және реалды әлемдердің объектітері бүгінгі күні жо- ғары біліктілікті талап етіп отыр. Қо- ғамда орын алып отырған үдерістер, жаһандану процессі де ұжымдық және топтық еңбекті қажет етіп, соның не- гізінде ұжымдық ойлау жұмысы, ком- муникативті техникалар мен техноло- гияларды меңгеру, полимәдени орта- да жақсы қарым-қатынас орната білу маңыздылығы арта түсуде. Заманауи экономикаға цифрлық ортаға тез бе- йімделетін, жасанды интеллект сияқты жаңа технологияларды қолдана оты- рып жұмыс жасай алатын, кәсіби прак- тикасына ендіретін жаңа кадрлар керек екені сөзсіз. Қоғамның даму тетіктері жаңа білім беру стандарттарын ойлап табуды, цифрлық жүйелерге сәйкес жаңа технологияларды енгізуді және білім алушылардың кретиалдық баға- лауына өзгерістер алып келуді негіздеп отыр. Цифрлық сауаттылық адамның жан-жақты қабілетілігі, ақпаратты із- деуі, қолдану білімі. Цифрлық дағды

әлеуметтік желілерді, интернет ақпа- раттарын, компьютерлік бағдарлама- ларды тиімді қолдана білу қабілеттілігі. Педагогтардың цифрлық сауаттылығы цифрлық технологияларды күнделікті кәсіби іс-әрекет барысында пайдалану дағдысы, біліктілігі мен іскерлігі.

Цифрлық сауаттылыққа:

- Инновациялық жағдайларға көзқа- расы;
- Коммуникативтік біліктілігі;
- Медиасауаттылығы;
- Компьютерлік білімділігі;
- Ақпараттық сауаттылығы және т.б. жатады.

Қазіргі кезеңде гуманитарлық білім беру саласында «*цифрлық педагогика*», «*цифрлық мектеп*», «*цифрлық мәде- ниет*», «*онлайн оқыту*», «*цифрлық пе- дагог*», «*профессор онлайн*», «*цифрлық технология*» ұғымдар кездеседі. *Цифр- лық педагогика* — бұл педагогикалық процесс. Әр түрлі сандық технология- ларды компьютер, гаджет, бағдарлама- ларды жоғары деңгейде білетін, неғұр- лым жоғары сапаны қамтамасыз ететін білім беру қызметтері.

И.В. Сергеев: «*Цифрлық педагогика* — оқыту кезінде сандық технология- ларды тікелей қолдану» дейді. Қазіргі уақытта «цифрландыру» термині тар әрі кең мағынада қолданылады. Цифр- ландырудың бар мағынасы көп жағ- дайда шығындарды төмендетуге, жаңа мүмкіндіктердің пайда болуына, т.б.



әкелетін ақпаратты сандық нысанға түрлендіруді білдіреді. Экономикалық және әлеуметтік өмірдің барлық қырын цифрлық ақпаратқа көшіру сияқты цифрландыру да өмірдің түрлі жеке қырларын жақсартудың қарапайым әдістерінен әлемдік, қоғамдық дамыту құралына айналып келеді.

Сондықтан цифрландыру терминінің кең мағынасы — ақпаратты сандық түрге түрлендіруге негізделген және экономиканың тиімділігін арттыруға, өмір сүру сапасын жақсартуға әкелетін экономика мен қоғамды дамытудың заманауи жалпы әлемдік тренді.

Цифрлық білім беру ресурстары (бұдан әрі — ЦБР) білім беру мазмұнын анықтайтын электрондық оқыту жүйесі компоненттерінің бірі болып табылады. Білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін, оқу үдерісінде

өскелең ұрпақтың ЦБР белсенді қолдану, бүгінгі таңда берілген бағдарлама аясындағы педагогикалық қоғамдастықтың алдында өзекті мәселелердің бірі болып табылады. 2011 жылы Ұлттық ақпараттандыру орталығы жалпы орта білім беру мекемелеріндегі электрондық оқыту жүйесі үшін цифрлық білім ресурстарын дайындау стандартын әзірлеген болатын. Ол жалпы орта білім беру мекемелеріндегі электрондық оқыту жүйесі үшін цифрлық білім ресурстарын дайындауға қойылатын педагогикалық, психологиялық, техникалық және дизайн-эргономикалық талаптардың жиынтығын ұсынады және электрондық басылымдарды дайындаушыларға арналған және электрондық оқыту жүйесі (e-learning) үшін әзірленетін барлық цифрлық білім ресурстары үшін қолданылады. Цифрлық





білім ресурстары бұл - білімдік процесс субъектілерінің интерактивтік қашықтықтан өзара әрекеттестік ретінде электрондық оқытудың ақпарат қатынастық білімдік ортасының жинағын құруды қамтамасыз ететін электрондық тасуыштардағы дидактикалық материалдар деп анықталған.

XXI ғасырда біздің басты міндетіміз цифрлық технологияларды білім беру структурасына кеңінен енгізіп, оны пайдалана алатын жас мамандарға кәсіби білім беру болып табылады. Цифрландыру — бұл тек қана «аналогтік» дәуірді сандық жүйеге өзгерту емес. Білім беруді цифрландыру қарапайым оқулықтардың электрондық копиясын жасаумен немесе оқушыларды жылдам интернетпен қамтамасыз ету ғана емес, яғни онда қалай оқытамын және нені оқытамын деген сұрақтарға жауап та сәйкесінше өзгеруі тиіс. Цифрлық экономика білім беру жүйесінен жеке үдерістерді «сандықтарға» өзгертуді ғана талап етпейді, керісінше жаңа мақсаттар қойып, білім беру процессін құрылымы мен мазмұнын өзгертетін жиынтық тәсілдерді көргісі келеді. Цифрлық экономиканы дамыту жағдайында адамның іс жүзінде нақты білімдер мен қазіргі заманғы АТ, байланыс құралдары мен бағдарламалық өнімдерді пайдалана білуін сипаттайтын сандық сауаттылық пен сандық дағдылар үлкен мәнге ие болады. Сандық сауаттылық адамның жұмыс орнында және өмірде заманауи АТ-ны сенімді меңгеруге, бірнеше дереккөздерден алынған ақпаратты іздеуге және бағалауға әмбебап қабілетін анықтайды; адамның

ақпараттық мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігін қалыптастырады.

Дағды — бұл бірнеше рет қайталау жолымен іс-әрекетті автоматты түрде орындауға дейін жеткізетін іс-әрекет болып табылады. *Дағдыны қалыптастыру* — бұл жаттығуларды орындау арқылы (мақсатты, арнайы қайталанатын іс-әрекеттер) жүзеге асатын процесс.

О.В. Федорова есептеуінше жаттығулардың арқасында дағдылар қалыптасады және күнделекті іс-әрекетке айналады. Дағдылардың қалыптасқанының көрсеткіші ретінде адамның белгілі бір іс-әрекетті ойланбай, тез арада шешім қабылдап, оны іске асыра алуынан көре аламыз.

Цифрлық дағды — қызметкердің нақты кәсіби қызметті жүзеге асыруды қамтамасыз ету қабілеті ретінде қарастырылады. Цифрлық дағдылар-дербес компьютерлерді, Интернетті және АТ басқа да түрлерін қолдану саласындағы тұрғындардың құзыреттілігі, сондай-ақ адамдардың тиісті білім мен тәжірибе алу ниеттерінің қалыптасуы болып табылады. Цифрлық дағдылардың қалыптасуына әсер ететін факторларды Л.М. Гохберг былай жіктеп қарастырды:

- Мотивация, оқыту, жетілдіру прогрессі, жаттығулар, қайталау, түгелдей немесе бөлшектерге бөліп қалыптастыру;

- Операцияның мазмұндық бекітілуі үшін — тұлғалық даму деңгейі, білімнің болуы, қабілеттілік, операцияның мазмұнын түсіндіру тәсілі, кері байланыс;

- Операцияны меңгеру үшін — мазмұнын түсіндірудің ауқымдылығы,



бір кезеңнен екінші кезеңге өтудегі көрсеткіштері (автоматтылық, жылдамдық) жатады.

Қарапайым өмірдегі цифрлық дағдылар: күнделікті өмірде сандық технологиялардың кең таралуы ортамен өзара іс-қимылды өзгертеді-түрлі қызметтерге, ақпаратқа, білімге қол жеткізу тәсілдері өзгереді, және бұл өзара іс-қимыл түрлі арналар арқылы күшейтіледі: әлеуметтік желілер, онлайн-сервистерді пайдалану, Интернетте сатып алу, видеоконтентті көру және т.б. дамыған базалық және стандартты цифрлық дағдылар сандық ортада өмір сүру үшін негізгі болып табылады. Олар сандық әлемде міндеттерді шешудің тиімділігін арттыруға және уақытын қысқартуға мүмкіндік береді, адам өмірін жайлы етеді және жеке және кәсіби даму үшін мүмкіндіктер ашады. Ұжымдық әлемде «цифрлық чемпиондар» деген термин қолданысқа енгізіліп келеді. Оның 3 элементін В.А. Сухомлин атап көрсетті:

- *Инвестициялық артықшылықтары:* цифрлық технологияларға кететін шығын операциялық шығындардың 5 пайызын ғана құрайды;

- *Кәсібилер артықшылығы:* цифрлық дағдыларды қажет ететін рольдерге 10 пайыз ғана жұмыскерлерді қоя аламыз;

- *Ұйымдастырушылық артықшылығы:* цифрлық технологияларды ұйымның бизнес-функцияларында қолдана алу.

«Цифрлық сауаттылық» терминін алғаш рет 1997 жылы Пол Гилстер енгізді. Оның есептеуінше, цифрлық сауаттылыққа:

1. Ақпараттық сауаттылық;

2. Коммуникативті құзыреттілік;

3. Компьютерлік сауаттылық;

4. Креативті құзыреттілік;

5. Медиа-сауаттылық кіреді.

Цифрлық сауаттылықты дамытуда әртүрлі критерийлер бар. Мысалы, Генри Дженкинстің ойынша, цифрлық сауаттылық компьютермен жұмысты «темірмен» жұмыс деп есептеуіміз керек, құрылғының ерекшеліктерін, желілік топтарды және әлеуметтік медианың өзгешеліктерін түсіну арқылы жұмыс жасау деп түсіндіреді.

Қазіргі уақытта «сандық мектеп» цифрландырудың федералды жобасын әзірлеу жұмыстары жүргізілуде ол ең алдымен мектептерді Интернетке, түрлі электрондық ресурстарға қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін қажетті инфрақұрылыммен жарақтандыру, педагогтардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету болып табылады. Оқыту технологиялары арқылы білім алу, сақтау, интеграциялау, қолдану, нәтижесін көру.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Савелова Е.В. Цифровые образовательные ресурсы в школе: методика использования. Обществознание. Сборник учебно-методических материалов для педагогических вузов. — М.: Университетская книга, 2008. — 224 с.

2. Элен Битэм, Рона Шарп «Педагогиканы цифрлық дәуірде қайта зерделеу. ХХІ ғасырдағы оқыту дизайны» Оксфорд университеті баспасы, 2013.

ОЛЖАЕВА????



Оқушылардың шығармашылық қабілетін логикалық тапсырмалар арқылы дамыту



**Гүлназ
Қойшыбайқызы
НАРЕГЕ,
М. Дулатов
атындағы №136
мектеп-
гимназиясының
қазақ тілі мен
әдебиеті пәні
мұғалімі.
Алматы қаласы.**

XXI ғасырда жаңа білім беру парадигмаларының енуіне байланысты күрделі тапсырмаларды шешуге қабілетті, өнімді ойлау мен белсенді қиялдауға бейім шығармашыл тұлға дамыту талабы өсе түсуде. Қазіргі кезде қоғамдағы қарқынды өзгерістер жыл сайын жаңа өмір салтын құруда. Осыған орай, әрбір адам бұл өзгерістерді дұрыс қабылдап, тиісінше, өз шығармашылық әлеуетін үнемі белсендіріп отыруы тиіс. Бұл қазіргі қоғамның жаңа проблемаларды қоя білетін, сапалы шешімдер қабылдауға қабілетті, игерген білімін үнемі іске асыруға ұмтылатын белсенді тұлғаларға мұқтаждығының күн санап өсуіне байланысты. Себебі бүгінгі күні талант пен шығармашылық дарындылық — экономикалық өркендеу кепілі. Шығармашылық дарындылық — экономикалық өркендеу кепілі. Қазіргі таңда жалпы білім беретін мектептердің дамуында жағымды өзгерістер және оқыту мен тәрбиелеу ісінің ұтымды жақта-

ры ашылып жатқанымен, оқушылардың жеке басының шығармашылық жақтарына терең үңіле бермейміз.

Шығармашылық — өте күрделі психологиялық процесс. Ол іс-әрекеттің түрі болғандықтан тек адамға ғана тән. Ұзақ жылдар бойы шығармашылық барлық адамның қолынан келе бермейді деп қарастырылып келсе, қазіргі ғылым жетістіктері қабілеттің мұндай дәрежесіне белгілі бір шарттар орындалған жағдайда кез келген баланы көтеруге болатындығы жайлы көп айтуда. Шығармашылық нәтижесі жаңа материалдық және рухани құндылықтарды құру болып табылатын қызмет ретінде түсініледі. «Шығармашылық» сөзінің негізгі мағынасы «шығару», «ойлап табу» деген мағынаны білдіреді.

Шығармашылықтың басты сипаты жаңалық ашуға, жаңа тәсілдер табуға ұмтылу деп айтуға толық негіз бар. Шығармашылыққа, жаңа тың нәрсе жасау тән десек, ертеден белгілі нәрсені қайталауды шығармашылық деп айтуға болмайды, бірақ бұрыннан белгілі, таныс нәрселерден өзінен қандай да бір ерекшелік табу, оны жаңаша түрде жасау, ерекше қасиеттерін табу шығармашылыққа тән құбылыс.

Қазіргі уақытта шығармашылық даму феномені, жаңарту, қоршаған көсіби ортаға болашақ бейімделу әлеуеті ретінде қарастырылады. Қоршаған



